

**«Күншалған ауылының ЖОББМ»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің бастауыш сынып
бірлестігінің №1 хаттамасы
«28» тамыз 2025 ж**

Қатысқан -7

Күн тәртібінде :

- 1.Әдістемелік бірлестіктің жоспарымен танысу, оны талдау.
2. Жаңа оқу жылының нұсқау хатымен танысу.
3. Жылдық тақырыптық күнтізбелік жоспарларын қарау, бекіту.
- 4.Оқу- тәрбие жұмысының жоспарын бекіту.
5. Орфографиялық ережелер. (пән бойынша сақталатын талаптар)
6. Әр түрлі мәселелер.
- 6.1. Мұғалімнің өз білімін жетілдіру жоспарын толықтыру.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының м.а. А.К.Хамитова сөз алды. Өз сөзінде биылғы оқу жылын 3 сыныппен бастағалы отырғандығын , оның ішінде 1-еуі даярлық сынып екенін айта отырып, алдымызда келетін білім күніне барлығымыз дайындалуымыз керек . Әсіресе , бірінші сыныптың мұғалімі келген бүлдіршіндерді дұрыс қабылдап, оларды салтанатты жиынға түгел алып шығу керек екенін баса айтты. Сонымен қатар 2-3 сыныптар оқушы саны жетіспеуіне байланысты біріктірілді. 2025-2026 оқу жылына жасалған әдістемелік бірлестіктің жоспарымен таныстырып, оны жеке-жеке талдап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Тілеуова Орынша Қасымханқызы жылдық тақырыптық күнтізбелік жоспарларын бекіту үшін алдымен биылғы оқу жылына келген нұсқау хатпен таныстырып өтті. Ондағы негізгі материалдарға тоқталып өтті

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша бірлестік мүшелері бастауыш сыныптары бойынша орфографиялық ережелері мен талаптарды бір ауыздан келісіп жүйеледік. Дәптер сыртын 1-2 сыныпта сыртын компьютермен мұғалім толтырып береді. Оқушылардың қаламдары көк түсті сия болуы керек. 1, 2, 3 сыныпта кіші жол дәптерлеріне, 3сыныптың екінші жартыжылдығынан бастап және 4 сыныпта үлкен жол дәптерге жазуы қажет.

5. Күнделік:

- Барлық сынып оқушыларында күнделік болуы керек;
- күнделіктің сырты біркелкі толтырылып қапталуы қажет
 - Апта сайын ата-ана мен мұғалім тексеру арқылы қолдары қойылуы тиіс;
- Үй тапсырмасының толық толтырылуын талап ету керек;
 - 1,2,3,4 сыныптар үшін күнделікке кері байланыс қызыл қаламмен, өткен тақырыптар бойынша апта соңында жазылады.

Биылғы оқу жылында бастауышта мынадай сыныптар бар:

1 «А» - Сагинбаева Г.А.

2-3 «А» Тілеуова О.Қ.

4«А» - Жұмабекова Н.Қ.

Мектепалды даярлық тобының мұғалімі: Хамитова Ляззат Аманбаевна
Бастауыш сыныпта 3 сынып бар екенін білесіздер, соның ішінде даярлық сыныптан басқа сынып мұғалімдері сынып жетекшілік қызметтеріңізді де атқарасыздар.

Мұғалімнің өз білімін көтеру жоспары төмендегідей бағытта жүйеленсін:

- Идеялық- теориялық білімін жетілдіру.
 - Әдіс-тәсіл мен әдістемелік шеберлікті жетілдіру
 - Сынып жетекшісі ретінде;
 - Шығармашылық жұмысты жетілдіру.
- мәдени-ой өрісін кеңейту.

Бірлестік отырысының шешімі:

1. 2025-2026 оқу жылына жасалынған бастауыш сынып бірлестігінің әдістемелік жоспары бекітілсін;
2. 2025-2026 оқу жылына берілген нұсқау хатпен бағдарламаны басшылыққа ала отырып , пән мұғалімдерінің күнтізбелік тақырыптық жоспарлары жасалынып, түсінік хаттарымен бірге бекітілсін;
3. Бастауыш сынып мұғалімдерінің жылдық, тақырыптық, күнтізбелік жоспарлары тексеріліп, 2025 жылғы 28 тамыз күнімен бекітілсін;
4. Оқу тәрбие жұмысының жоспары құрастырылып бекітілсін;
5. берілген оқулықтар әр сыныптың әлеуметтік жағдайына қарай оқушыларға дұрыс бөлініп, уақытында таратылсын.
6. Оқу тәрбие жұмысындағы қолданылатын оқушының дәптер, күнделік ұстаудағы аталған негізгі талаптары басшылыққа алынып орындалсын;

6.1. Жаңадан келген оқушылардың іс-құжаттарын түгендеу әр сынып жетекшісінің міндетіне жүктелсін;

6.2. мұғалімнің өз білімін жетілдіру жоспары жасалынып, жыл бойы жүйеленіп, жинақталсын;

Ә.Б жетекшісі :  Тілеуова О.Қ.
Бірлестік хатшысы:  Калакова А.Б.